

# SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI  
SEMEI

# SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2019 жыл №7 (119) қыркүйек

## МИНИСТР УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



*20 қыркүйек күні Шығыс Қазақстан облысына арнайы іс сапармен келген Үкімет мүшелерінің жұмыс тобы құрамында болған ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Шәкәрім университетінде болып, оқу орнының тынысымен танысты.*

Сапар барысында министр «Рухани жаңғыру» жобасы аясында ашылған Семей жобалық кеңсесі және Халықаралық қазақ тілін оқыту орталығының жұмысымен танысты.

Сондай-ақ Асхат Қанатұлы университеттің жас ғалымдарымен кездесу өткізіп, ғылым мәселелерін талқылады. Университеттің жас ғалымдары өз ұсыныстарын да білдірді.

Министрдің жұмыс сапары Семей қаласының ұстаздарымен ашық диалог алаңында жалғасты. Асхат Қанатұлы педагог мәртебесі туралы Заңның қабылдануына байланысты негізгі жаңалықтарды түсіндіріп, көптеген сұрақтарға жауап берді.

Жалғасы 2-бетте.

## ӘЙГІЛІ КИНО МАЙТАЛМАНДАРЫ СТУДЕНТТЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

*23 қыркүйек күні Шәкәрім университетінде Асанәлі Әшімов – Көрнекті театр және кино актері, профессор, Қазақстанның театрлар ассоциациясының президенті және Меруерт Өтекешова – Кино және театр актері, «Қыз Жібек» кинофильмінің басты кейіпкерімен кездесу өтті.*

Кездесу университеттің 85 жылдық мерейтойына арналған «Шәкәрім университеті – ашық алаң» атты іс-шаралар циклінің жалғасы болды. Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, кино және театр сахнасының алыбы Әмина Әмірзақованың туғанына 100 жыл толуына орай «ТЕАТР. ТАЛАНТ. ТАҒЫЛЫМ» деп аталды.

Еркін сұхбат түрінде өткен кездесуде пленарлық баяндамалар да оқылды.

Кеш модераторы болған Шәкәрім университетінің ректоры Мейір Ескендіров Асанәлі Әшімовке Шәкәрім университетінің ең жоғарғы марапаты құрметті доктор атағын табыстады. Сондай-ақ Меруерт Өтекешоваға Шәкәрім университетінің құрметті марапаты Шәкәрім медалі табыс етілді.



# МИНИСТР УНИВЕРСИТЕТ ТЫНЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



## Басы 1-бетте.

Министр университетіміздің құрметті мейманы ретінде Алаш алейсына тал отырғызу рәсімін жасады.

Сол күні Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің вице-министрі Есин Данияр Нұрашұлы Шәкәрім университетінде жұмыс сапарын өткізді.

Семей жобалық кеңсесі жанынан құрылған Call-центр орталығының



мамандарымен кездесіп, қалада әлеуметтік-мәдени, гуманитарлық қатынастың көпірі саналатын орталық жайлы ақпарат алысты.

Вице-министр келесі кезекте, қазақ тілін тез үйретудің механизмін дамытушы әрі насихаттаушы Халықаралық қазақ тілін үйрету орталығының жұмыс істеу ерекшеліктерімен танысты.

Орталық туралы ақпаратты да Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында таратуды тапсырды.

## ӨЗАРА ӘРІПТЕСТІК НЫҒАЯ ТҮСПЕК

**Шәкәрім университетіне Томск мемлекеттік университетінің президенті Майер Георгий Владимирович арнайы сапармен келді.**

Сапар аясында академиялық және ғылыми алмасу, білім және ғылым саласындағы бірлескен стратегиялық жобаларды жүзеге асыру туралы келісім-шарт талқыланды.

Сондай-ақ университет ректоры Мейір Ғариполлаұлы Майер Владимировичке отандық, гуманитарлық білім жүйесінде ерекше орын алатын шығарма Шәкәрім Құдайбердіұлының “Үш анық” фелсафалық трактатын сыйға тартты.

Айта кетейік Майер Георгий Владимирович Шығыс Қазақстан облысының тумасы, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор.





**Шәкәрім университетінде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «АгроСемей-2019» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің Халықаралық көрмесі биыл да өз жалғасын таппақ. Шаруашылықтар мен университет ұжымдары аталған көрменің жоғары деңгейде өткізілуіне дайындықтарын бастап та кетті.**

Бұл көрмеге шет елдерден яғни, Корея, Ресей, Қытай, Үндістан, Монғолия және т.б. мемлекеттің беделді өкілдері қатысады. Олар көрмені тамашалап қана қоймай өз өнімдерін де ұсынады.

Көрменің басты мақсаты аграрлық саладағы тың жетістіктерді насихаттау. Сонымен қатар университет ғалымдары да өздерінің ғылыми ізденістерін ортаға салады.



Ерекше атап өткім келіп тұрғаны қой көтеру жарысындағы қазақ қызымыздың батырлығын айтпай кету мүмкін емес еді.

Осындай халықаралық көрмеге студенттердің тарапынан да үлес қосылуда.

Олай дейтін себебім өзіммен қатарлас ветеринариялық медицина мамандығының 4 курс студенті Нурмахамбетов Даниярды ерекше атап өткім келіп тұр. Даниярдың темірден жасаған бірнеше зергерлік бұйымдары жыл сайынғы көрменің сәнін келтіріп отыратынын студенттер де білетін. Ал биылғы жылы Даниярдың өз қолымен жасалып жатқан зергерлік бұйымын ол құпия сақтап отыр. Құпия заттың қандай екендігі студенттерді қызықтырып та отыр.

Студенттер, сіздерді өте қызықты өтетін «АгроСемей-2019» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің Халықаралық көрмесін тамашалауға, ал мектеп оқушыларына арнайы табиғи өнімдерден құралған «Алтын күздің байлықтары» атты сайысқа қатысуға шақырамыз.

**Азат Нұртай,**  
«Орман ресурстары» мамандығының  
3 курс студенті.

## КОРРУПЦИЯ И МОЛОДЕЖ

*Коррупция является негативным явлением современного общества, которое требует постоянного изучения, системного подхода, оперативного комплексного противодействия.*

В связи с вышеизложенным, социологическим исследовательским центром при «Проектном Офисе Семей» среди студентов университета Шакарима города Семей 2019 году было проведено исследования методом онлайн опроса. Всего в опросе приняли 2340 человек.



Данные показали, что больше половины 58,21% студентов понимают и знают официальную юридическую интерпретацию понятие «коррупция». Большое количество опрошенных (73,5%) указали, что не были в ситуации, когда вопрос (проблему) можно было решить только с помощью взяток, подарков, личных связей и т.д. Тем самым данные указывает на низкий уровень коррупционных ситуации среди опрошенных. Но, к сожалению, большинство опрошенных студентов, а это 37,48% на вопрос «Хотели бы вы, чтобы лицо, получившее взятку, понесло за это ответственность, предусмотренную законом?» ответили безразличием. Лишь 20,81% готовы оказывать любое содействие в этом. Результаты исследования показывают, что практически большее количество терпимо относится к проявлениям коррупции.

При исследовании так же измерялось уровень проявление коррупции на месте учебы студентов. Данные опроса показывают, что основная количество -72,14% студентов не сталкивались с проявлением коррупции в вузе. Но и о полном отсутствии коррупции мы здесь не можем говорить, так как 11,54% указали, что сталкивались с проявлением коррупции, 16,32% - решили воздержаться от ответа, но несмотря на эти показатели, по вопросам коррупции данные свидетельствуют о положительном тенденции внутри вуза.

Скорее положительные результаты достигнуты во многом благодаря реализации новых подходов по вовлечению вуза в антикоррупционные мероприятия.

**Мухтар Абдикакимов,**  
доктор PhD, руководитель «Центра социологических исследований» при «Проектном Офисе Семей»

# КЕҢ ЖҮРЕКТІ, ПРОФЕССОР ЕРҒАЛИ

**Шәкәрім университетінің профессоры,  
белгілі педагог-ғалым Ерғали Есенжоловпен  
сұхбат.**

**– Сіздің ұстаздық жолды таңдауыңызға не себеп болды?**

– Менің әкем Қабдолла Ұлы Отан соғысына қатысқан майдангер еді. Майдан даласынан жарақаттанып келген әкем ұзақ жылдар бойы ауыл мектебінің мұғалімі болды. Ол кезеңде мұғалім өте мәртебелі мамандық еді. Сондықтан болар, халық мектеп ұстаздарын ерекше құрмет тұтып, оларға қарап бой түзейтін. Үлкендер бата бергенде мұғалім бол деп жататын. Бізде сол ауыл интелегенциясының жанұясында өстік. Мұғалімнің баласы деген атаққа лайық болып өсуге тырыстық. Мектепте жұмыс істейтін әкемізге кір келтірмеу үшін барынша тырысып, жақсы оқуға бар күшімізді салатынбыз.

Біздің ауыл Семейден 40 шақырым қашықтықта орналасқан. Изатолла ауылындағы мектептен түлеп ұшқан атақты желаяқ, қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада жүлдегері Ғұсман Қосанов, әйгілі күміс көмей әншілер Мәдениет Ешекеев, Болат Сыбанов сынды тұлғалар елімізге кеңінен танымал болған.

Өзімнің үлкен нағашы атам Аймаш ақсақал капитан шенін алған адам еді. Ол кезде ондай адамдар ауылда өте сирек кездесетін. Сонымен қатар, ауылымыздан бірнеше генерал шыққан. Міне, осындай танымал адамдар өскен ортадан тәлім-тәрбие алып өстік.

Ол кезде мектепті алтынға бітірген талапкерлердің таңдауы мол болатын. Соған қарамастан жанымға жақын педагог мамандығын ойланбастан таңдадым. Өйткені, мен үшін ол кезде мұғалімдіктен жоғары мәртебелі қызмет жоқ еді. Және де осы мамандықты таңдағанымға ешқашан өкінбедім. Өзімді бүгінгі таңда сол таңдауымның жемісін көріп отырған адам деп санаймын.

**– Сіз білім саласында 45 жылдан астам қызмет жасаған тәлімгерсіз. Ұстаз бақыты деген не?**

– Менің түсінігімде өз мамандығын сүйген адам, өз қызметінен ләззат алады. Мәселен жақсы дәрігер болып, талайға шапағаты тиіп жүрген талай ақ халатты жандарды білеміз. Ал ұстаз бақытына келсек, қазақта: «Шәкіртсіз ұстаз – тұл», - деген жақсы сөз бар. Ұстаз бақыты – шәкіртінің табысы.

Бала кезімізде біздің үйіміз мектепке жақын болды. Кейде әкеміз түн ортасына дейін педсоветке қатысып, үйге кеш қайтатын. Сонда



# КЕМЕЛ ҰСТАЗ

■ МЕРЕЙТОЙ

## ЕСЕНЖОЛОВ 70 ЖАСТА

үйдегі барлық бала мектептегі шамның сөнуін күтіп, әкемізді тағытсыздана күтіп, терезе алдында отыратынбыз. Жұмыстан шаршап келген әкеміз кейде шәкірттерінің табысын шабыттана айтып, марқайып қалатын. Міне, ұстаз бақыты деген осы шығар!

Білім саласында жарты ғасырға жуық уақыт қызмет етіп келем. Осы жылдар ішінде қаншама шәкірттер алдымыздан өтті. Алды бүгінде қоғам, ғылым қайраткері. Ең бастысы ұстаздық қызметіңнің жемісі әрдайым көз алдында. Кейде бір шәкірттің туралы жайсыз әңгіме естіп қалсаң, кәдімгідей қынжылатын сәттер де болады.

– Сіздің өмірдегі басты ұстанымыңыз.

– Адалдық. Қарапайымдылық. Сыйластық. Осы үш қасиетті бойына дарытқан адам өз ортасынан берік орын табатындығына өмірлік тәжірибемнен көзім жетті. Осы ұстанымдар менің өмірлік қағидама айналды. Бұл менің ата-анамның тәрбиесінен дарыған тәлім деп білемін.

Екінші білімді адамды айрықша құрмет тұтамын. Кезінде заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деген еді. Қай кезеңде болмасын білімдінің өрісі кең ғой. Осы саналы өмірімде қазақтың талай игі жақсысымен дастархандас, пікірлес болдым. Осының өзі кез-келген пенденің маңдайына жазыла бермейтін бақыт деп білемін.

– Тәжірибелі ұстаз ретінде бүгінгі жастарға деген көзқарасыңыз қандай?

– Бір ойшыл: «Бала әкесінің баласы емес, заманның баласы», - деген екен. Бүгінгі жастардың өмірге деген түсінігі де, көзқарастары да өзгеше. Студенттерге дәріс беріп, олармен етене араласып жүргендіктен олардың тірлігінен жақсы хабардармын. Жалпы бүгінгі жастарға көңілім толады. Көптеген жастардың бойында білсем, игерсем деген талпыныс бар. Әсіресе бірнеше тілді игеріп, озық технологияларды, заман жетістіктерін игеруге талпыныс жасап жүрген жастарға дән ризамын.

Көптеген студенттер сабақтан тыс уақытта еңбек етіп, қосымша табыс табуға тырысады. Жастарымыз өздерінше тірлік жасап, ата-анасына масыл болғысы келмейді. Бұл да жастардың бойындағы құптарлық жақсы қасиет деп білемін.

Ахмет Байтұрсынов: «Тәрбие жоқ жерде білім жоқ», - десе, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» - деген екен. Білім мен тәрбие егіз ұғым. Сондықтан әрдайым жас ұрпақтың тәрбиесі қоғамның басты назарында болу керек.

Жастарымыздың елге, жерге деген сүйіспеншілігі жоғары болып, ұлттық рухы мықты болу керек. Рухты халықтың болашағы да зор. Тіл, діл мәселесі әрдайым алдыңғы қатарда тұрғаны дұрыс. Өкінішке орай, кейбір жастарымыз ана тілінен жеріп жатса, екінші біреулері теріс ағымдардың жетегінде кетуде. Бұл ұлт болашағы үшін өте қауіпті қатер. Егеменді Отанымыздың болашағы бірінші кезекте ел ертеңі болатын жастардың қолында деп білемін.

– Әңгімеңізге көп рахмет! Мерейтойыңыз құтты болсын!

Сұхбатты жүргізген  
Жансая Телеуғазы,  
журналистика мамандығының студенті.



## ■ ЖАС ТОЛҚЫН

# Сенің байтақ далаңа жыр егермін...

*Тілеутай Айшолпан Ғазизбекқызы – жас ақын, айтыскер, республикалық байқаулардың жеңімпазы. Ұ.Есдәулет атындағы университет грантының иегері. Қазіргі таңда «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенті.*

\*\*\*

Бар ма екен деп қарызым өтелмеген,  
Өз өзіммен қиналып секемденем.  
Сағынамын аядай ауылымды,  
Шұбартаудың етегін мекендеген.

Еске алған балалық кезеңімді,  
Тоқтатпаған өмірлік өзенімді.  
Шұбартауым ол менің туған жерім,  
Ойлап кетсем өртейтін өзегімді.

Сән болуға лайықты қартың кәрі,  
Хан болуға лайықты мәрт ұлдары.  
Шұбартауым ол менің туған жерім,  
Таланттарды тудырған тау тұлғалы.


Естілгенде есімі елендеткен,  
Несібесін табатын ері еңбекпен.  
Шұбартауым ол менің туған жерім,  
Тарихының тамыры терең кеткен.

Жүрегіме шынайы жақын еткен,  
Жақын түгіл баураған жатын еппен.  
Шұбартауда Мыңбай Рәш, Жанұзақпен,  
Төлеуғали ағаңдай ақын өткен.

Бұл топырақ талайды батыр еткен,  
Бұл топырақ талайды хакім еткен.  
Ғашық қылып өлеңге жастайымнан,  
Осы жер ғой мені де ақын еткен.

Ақын болып осында түлегенмін,  
Ұстағанмын тізгінін ұлы өнердің.  
Даналықтың бойыма дәнін сепкен  
Сенің байтақ далаңа жыр егермін.

Жұрты тұрар ойында құлқын емес,  
Өз еліне ешқашан мұң тілемес.  
Тауға қарап ойнаған әр балаңның,  
Таудай болып өспеуі мүмкін емес.



\*\*\*

Өлең менің қай жерімнен шығады?!  
Жүрек па екен?  
Көңіл ма екен кінәлі.  
Селт еткізер дүниенің бәріне,  
Әуен қосқым келеді де тұрады...  
Білмейді екем,  
Болмысыммен жазам ба?  
Жазбай қойсам қаша беред мазам да.  
Қайдан шықса оннан шықсын,  
Өлеңнің,  
Анасы боп оянамын азанда.  
Мен білмеймін,  
Туар нәрсе туады.  
Сезімді де,  
Сауапты да,  
Күнәні,  
Айды, күнді,  
Өзім, сосын, өзінді,  
Өлең еткім келеді де тұрады!





**ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**

**АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ  
ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ**



Шәкәрім университеті Өнер және спорт факультетінің 1 курс студенті Ағыбаев Айбек самбодан Азия чемпионатында күміс жүлдеге ие болды.

+100 кг салмақта бақ сынасқан Айбек қарсыластарына дес бермей жүлделі орыннан көрінді. Индияның Нью-Дели қаласында өтіп жатқан чемпионат 20 қыркүйекке дейін жалғаспақ.



**ЖЕҢІСТЕРІН  
УНИВЕРСИТЕТТІҢ  
МЕРЕЙТОЙЫНА  
АРНАДЫ**

Өнер және спорт факультеті, «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттері Кәрап Еркежан Ерғалиқызы Болгария мемлекетінің, Пловдив қаласында өткен Таэквондо спортынан Әлем чемпионатында 3-ші орынды иеленсе, Қабдығалықов Берік Серікұлы Россия Федерациясында Грек-Рим күрес спортынан Анчи Самтаев атындағы «Кубок силы» халықаралық турнирінде жеңісті 2-ші орынға ие болды.

Спортшыларымыз бұл жеңістерін Шәкәрім университетінің 85 жылдық мерейтойына арнадық дейді.

Ел намысын байрақты додаларда қорғап жүрген спортшыларымызға тек сәттілік тілейміз!

**ДЕНСАУЛЫҚ ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ**

7 қыркүйек күні Шәкәрім университетінің студенттері, оқытушылар мен қызметкерлері қатысқан «Бүкіл Қазақстандық денсаулық фестивалі» өтті.



Қаламыздың «Спартак» стадионында өткен фестивальде Шәкәрім университетінің ректоры Мейір Ескендіров қатысушыларды оқу және спорт жылының басталуымен құттықтап, “салауатты өмір салты” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді болуға шақырды. Сондай-ақ спортшыларға республикалық және халықаралық аренада елеулі жеңістер тіледі.



Іс-шара басында спорт шеберлігі жоғары студенттер спорт түрлерінен көріністер

көрсетті, содан кейін фестивальдің барлық қатысушылары үшін жаппай жүгіру өткізілді.

Шара соңында ұйымдастырушылар “үйге-жаяу” акциясын жариялады.



Құрылтайшысы: Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті.

Студент - жастарға арналған ақпараттық-танымдық басылым айына бір рет шығады.

Редактор  
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитеті берген тіркеу куәлігі № 17310-Г 13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның мекен-жайы: Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а, Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің баспаханасында басылып шығарылды. Тел: 31-88-34 Семей қаласы, Глинка, 20 а Таралымы 500 дана



# SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI

## SEMEI



29 сентябрь 2019 года г. Семей,  
Центральная площадь,

### ФЕСТИВАЛЬ «СЕМЕЙ МЕНІҢ ЖҮРЕГІМДЕ»

#### «БЕСПРОУГРЫШНЫЙ ВАРИАНТ»

Разыгрывается главный приз  
от спонсора университета

#### АВТОМОБИЛЬ

- Один год бесплатного обучения – 1 сертификат
- Один семестр бесплатного обучения – 2 сертификат
- Скидка за обучение 20% (на 1 год) – 5 сертификат
- Скидка за обучение 10% (на 1 год) – 7 сертификат
- Бесплатное посещение университетского бассейна на 2019–2020 уч.год – 10 сертификатов
- Бесплатное посещение тренажерного зала на 2019–2020 уч.год – 10 сертификатов



2016 жылғы жеңімпаз.

Айгерім Әлімбекова, Биология мамандығының  
1 курс студенті.



2017 жылғы жеңімпаз.

Осы фестивалдің аясында өткізілген ұтыс ойынының бас жүлдесі «Тұрғын үй жинақтау банкідегі» 1 млн теңге және 4 жыл тегін оқуға құқық беретін 2 сертификат ұтысқа қойылды.



2018 жылғы жеңімпаз.

Әсел Амангазы – тағатсыздана күткен автокөлік ұтысында «Daewoo Nexia» темір тұлпарының иесі атанды. Әсел – журналистика мамандығының 1-курс студенті.